

**Жас ғалымдар кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шара жоспарына сәйкес, «Ғылыми мақала жазуда жасанды интеллектті қолданудың қажеттілігі» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелдің есебі:**

Өткізілген күні: 06 қаңтар 2026 жыл

Өткізілген орны: Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті, оқу-корпусының 314-аудитория.

Іс-шара ұйымдастырушы: PhD докторы, Курманбаева Улсара Нематуллаевна.

2026 жылдың 06 қаңтар Тіл мектебінің ұйымдастырумен жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттерге арналған дөңгелек үстел өткізілді. Семинардың негізгі тақырыбы – **Ғылыми зерттеулерінде жасанды интеллект қолдану тәжірбиелерін баяндама жасады.**



Жас ғалымдар тіл мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес «Ғылыми мақала жазуда жасанды интеллектті қолданудың қажеттілігі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, өткізілді. Іс-шараның мақсаты – жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазу барысында заманауи цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану жолдарын талқылау болды.



Дөңгелек үстел жұмысына жас ғалымдар қатысып, өз баяндамаларын ұсынды. Баяндамаларда жасанды интеллекттің ғылыми мәтін дайындаудағы мүмкіндіктері, деректерді талдау, мәтінді құрылымдау, тілдік сауаттылықты арттырудағы рөлі және уақытты үнемдеу тұрғысынан тиімділігі кеңінен қарастырылды. Сонымен қатар, жасанды интеллектіні қолдану кезінде академиялық адалдықты сақтау, дереккөздерді дұрыс пайдалану және авторлық жауапкершілік мәселелеріне ерекше назар аударылды.



Іс-шара барысында қатысушылар арасында ашық пікірталас ұйымдастырылып, жас ғалымдар өз тәжірибелерімен бөлісті. Қатысушылар жасанды интеллект құралдарын ғылыми мақала жазуда көмекші құрал ретінде пайдалану ғылыми жұмыстың сапасын арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша ғылыми қызметте жасанды интеллектіні тиімді әрі этикалық тұрғыда қолдану қажеттілігі жөнінде қорытынды жасалып, болашақта осы бағыттағы тәжірибелік семинарлар мен оқыту шараларын ұйымдастыру ұсынылды.